

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ**

ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ

оқытушылар мен мұғалімдердің біліктілігін арттыру курсы
**«Білім беру жағдайында тарих пәні мұғалімдерінің талдау және зерттеу
дағдыларын дамыту»**
Орта білім беру мекемелерінің тарих мұғалімдерін оқытуға арналған

Бағдарлама авторы:

Серубаева А.Т. – «Білім берудегі тарих және география» кафедрасының
менгерушісі, PhD

Бағдарлама мыналарды ескере отырып әзірленген:

Тақырыптық - күнтізбелік жоспарды дайындауда 2023-2024 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуы және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс: – «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>);

– «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365 бұйрығымен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029136>, 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029916>);

– «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029136>,

ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.11.2022 ж. № 467 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200030654>);

Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптары.

Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптары.

1. Жалпы ережелер

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін жаңғырту, мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру және тарихи танымды тереңдету мақсатында дайындалған арнайы оқу-әдістемелік бағдарлама. Курс мектеп және орта білім беру мекемелеріндегі тарих пәні мұғалімдеріне арналған. Бағдарламаның негізгі бағыты – мұғалімдердің талдау және зерттеу дағдыларын жетілдіру, оларды оқу үдерісінде тиімді пайдалану жолдарын үйрету және білім алушылардың зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыруға ықпал ету.

Бағдарлама ҚР «Білім туралы» Заңы, «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, орта білім мазмұнын жаңарту бағдарламалары және оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған халықаралық талаптар негізінде әзірленген. Курс мазмұны заманауи білім беру үрдістері мен педагогикалық инновацияларды ескере отырып құрастырылған.

Білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік жоспарында оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға, сондай-ақ ғылыми жетістіктерді оқу процесіне біріктіруге ерекше назар аударылады. Бағдарлама сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді, олар білім берудің барлық деңгейлеріндегі оқушылардың зерттеу дағдылары мен дағдыларын дамытудың маңыздылығын көрсетеді. Бағдарлама екі аптаға бөлінген 80 академиялық сағатты қамтиды.

Курс аясында мұғалімдер тарихи дереккөздермен жұмыс істеу, тарихи мәліметтерді талдау, түрлі интерпретацияларды салыстыру, тарихи оқиғалар арасындағы себеп-салдарлық байланысты анықтау және қорытынды жасау дағдыларын меңгереді. Сонымен қатар, олар тарихи мәселелерді зерттеу, жобалық жұмыстарды ұйымдастыру, дербес талдау мен өзіндік пікір қалыптастыру секілді практикалық әрекеттерді оқу үрдісіне енгізуді үйренеді.

Осы курс бойынша оқу форматы офлайн және онлайн форматта ұйымдастырылады, тәжірибелік тапсырмалар, кейс-талдаулар, шағын зерттеу жұмыстары, пікірталас пен рефлексия сабақтары арқылы жүргізіледі. Мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуына, кәсіби ортада сұхбат жүргізу дағдыларын дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.

Курсты аяқтаған соң тыңдаушылар арнайы бағалау критерийлері арқылы білімін тексеруден өтіп, тиісті сертификат алады. Бұл сертификат педагогтің кәсіби портфолиосына енгізіліп, оның біліктілігін арттыру бағытында маңызды рөл атқарады.

Курс мазмұны мен ұйымдастырылуы педагогтардың өмір бойы білім алу, кәсіби жетілу мен зерттеушілік мәдениетін дамыту бағытындағы әлеуетін арттыруды көздейді. Осылайша, бағдарлама тарих пәні мұғалімдерінің кәсіби дамуына ғана емес, жалпы білім беру сапасының артуына да ықпал етеді.

2. Глоссарий

Блум таксономиясы - Бенджамин Блум – америкалық оқыту әдістемесінің психологі, Блум таксономиясының авторы. Пенсильванияда Ленсфорд қаласында туылған, 1935 жылы Пенсильван университетін бакалавр және магистр деңгейлерімен бітірген, 1942 жылы Чикаго университетінде докторлық деңгейін қорғады.

«Блум таксономиясы» атты кітабында өз теориясын дамытқан. 1956 жылы Бенджамин Блумның төрағалық етуімен білім беру комитеті әзірлеген Блум таксономиясы сын тұрғысынан ойлауды қарастыруға болатын ойлау дағдыларының кеңінен қолданылатын иерархиялық моделі болып табылады. Блум таксономиясының мақсаты – оқытудың неғұрлым тұтас нысанын құру.

Сыни ойлау - Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз — ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау. Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы.

Дизайн ойлау әдісі - қоғамдағы түйткілді мәселелерді инновациялық және креативті тәсілдерді қолдана отырып анықтау және оны өмірде шешудің жолдарын ұсынып, ашылған жаңалықты қолдана білуге үйрету.– «Дизайн-ойлау» әдісінің басты мақсаты

Цифрлық білім беру ресурстары (СБР) - бұл интерактивті түрде оқытуды қамтамасыз ететін, оқытылатын пәндер бойынша цифрлық дидактикалық материалдар: фотосуреттер, бейнефрагменттер, статикалық және динамикалық модельдер, виртуалды шындық және интерактивті модельдеу объектілері, дыбыс жазбалары және өзге де оқу материалдары.

Білік - алынған білім мен дағдылардың жиынтығымен қамтамасыз етілетін іс-әрекеттерді орындау қабілеті.

Валидтілік - тест сапасының оның нәтижелерінің негізділігін, маңыздылығын, сондай-ақ оны әзірлеушілер мәлімдеген мақсаттар үшін осы тесттің жарамдылығын көрсететін кешенді сипаттамасы.

Дағды - сырттан бақылаусыз тәуелсіз әрекеттерді орындау тәсілдерін меңгеру деңгейі.

Soft skills - жеке қасиеттер, зияткерлік ерекшеліктер, әлеуметтік-психологиялық дағдылар, әмбебап дағдылар, кәсіби емес және жүре пайда болатын дағдылардың сипаттамалардың жиынтығы арқылы түсініледі.

Құзыреттілік – белгілі бір саланы тиімді меңгеруге және практикалық тұрғыдан қолдануға мүмкіндік беретін білім, дағды және қабілеттер жиынтығы.

Сыни ойлау – ақпаратты терең талдау, логикалық және дәлелді шешімдер қабылдау қабілеті.

Инновация – білім беру процесіне жаңа әдістер мен технологияларды енгізу арқылы оның сапасын арттыру.

Факультатив – негізгі оқу жоспарына қосымша оқытылатын пән немесе курс.

Критериалды бағалау – оқушылардың жетістіктерін алдын-ала белгіленген нақты критерийлер негізінде бағалау жүйесі.

Шығармашылық ойлау – жаңа идеяларды қалыптастыруға, мәселелерді жаңа тәсілмен шешуге бағытталған ойлау түрі.

3. Бағдарламаның тақырыбы

Модуль 1. Заманауи білім беруді дамытудың нормативтік және психологиялық-педагогикалық аспектілері.	Модульдің міндеті - орта білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен принциптерімен таныстыру. Өмір бойы білім алу тұжырымдамасын насихаттау.
Модуль 2. Білім беру сапасын арттыру ахуалында оқыту, дамыту және тәрбиелеу мазмұны мен әдістерін жетілдіру	Ұсынылған модуль оқытуды жоспарлау бойынша нұсқаулықтар беру, оқыту курсына құрастыру жолдарын талдау және түсіндіру, тарих сабағына және факультативтерге оқу жоспарын құрастыру бойынша кеңестер беру. Тарих сабақтарында ұлттық құндылықтарға баулу туралы білімдерін жетілдіруге баулу. Тарихи деректермен жұмыс жасау негізінде мұғалімдердің зерттеушілік машықтарын арттыру жолдарын көрсету. Тарих пәнін оқытуды арттырудағы сандық тасымалдау мен ІТ ресурстарды пайдалану мүмкіндіктерін түсіндіруге бағытталған.
Модуль 3. Педагогтердің ІТ-құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту	Модуль қатысушыларды тарих пәнін оқытудағы сандық білім беру ресурстары мен виртуалды зертханаларды пайдалану жолдарын саралауға, қашықтан оқыту жағдайында оқушылардың зерттеушілік қызметін ұйымдастыру дағдысын қалыптастыруға, қатысушылар жобаларын әзірлеп, көпшілікке ұсыну және қорғау қабілеттерін дамытуға бағытталған
Қорытынды бағалау	тарих пәнін оқытудағы талдау және зерттеу дағдыларын дамыту бойынша қалыптасқан дағдыны жоба арқылы бағалау

4. Мақсат, міндеттер және Бағдарламаның күтілетін нәтижелері

Курс мақсаты: Білім беру жағдайында тарих пәні мұғалімдерінің талдау және зерттеу дағдыларын заманауи педагогикалық тәсілдер мен ақпараттық технологиялар негізінде дамыту болып табылады.

Курс міндеттері:

Орта білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары, принциптері мен өмір бойы білім алу тұжырымдамасын түсіндіру.

1. Б.Блум таксономиясы негізінде тарих пәні бойынша дамытушы тапсырмаларды әзірлеу тәсілдерін меңгерту.
2. Тарих пәні бойынша қалыптастырушы және жиынтық бағалауға арналған оқу тапсырмаларын әзірлеу жолдарын түсіндіру.
3. Тарих сабақтарында ұлттық құндылықтарға баулу туралы білімдерін жетілдіру.
4. Тарихи деректермен жұмыс жасау негізінде мұғалімдердің зерттеушілік машықтарын арттыру.
5. Тарих пәнін оқытуды арттырудағы сандық тасымалдау мен IT ресурстарды пайдалану мүмкіндіктерін арттыру.
6. Тарих пәнін оқытудағы сандық білім беру ресурстары мен виртуальды зертханаларды пайдалану жолдарын саралау.
7. Қашықтан оқыту жағдайында оқушылардың зерттеушілік қызметін ұйымдастыру дағдысын қалыптастыру.

Курстың практикалық маңыздылығы

Қазіргі білім беру жүйесінде тарих пәні мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін арттыру – ұлттық сана-сезімді қалыптастыру мен тарихи таным деңгейін көтерудің негізгі шарттарының бірі. Осы орайда, мұғалімдердің талдау және зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған курс – білім беру үрдісінің сапасын арттыруда маңызды құрал болып табылады.

Курс барысында мұғалімдер тарихи деректерді сыни тұрғыдан бағалау, дереккөздермен жұмыс істеу, тарихи фактілерді интерпретациялау және тарихи құбылыстарға жан-жақты талдау жасау сияқты дағдыларды меңгереді. Бұл – оқушыға тек дайын ақпарат берумен шектелмей, оны талдауға, салыстыруға, пікір қалыптастыруға үйрететін мұғалім моделін қалыптастырады. Зерттеу дағдыларын жетілдіру арқылы мұғалім ғылыми-әдістемелік ізденіске бейімделіп, жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес оқушының зерттеушілік қабілетін де дамыта алады. Сонымен қатар курс нәтижесінде мұғалімдер өз тәжірибесін зерттеуге, рефлексия жасауға, білім берудегі тиімділікті бағалай отырып, оқыту сапасын арттыруға бейімделеді. Бұл білім беру жүйесінің басты міндеті болып табылатын – **зияткер, сын тұрғысынан ойлайтын, тарихи санасы қалыптасқан тұлғаны** тәрбиелеуге тікелей әсер етеді.

Пәнаралық интеграцияны күшейту: заманауи педагогикалық тәсілдер арқылы пәндер арасындағы байланысты нығайтып, оқушылардың танымдық қабілеттерін кеңейтуге ықпал етеді.

- **Жобалық оқытуды дамыту:** Тарих сабақтарын жобалық тәсілмен жоспарлау мұғалімдердің сабақ құрылымын жетілдіруге көмектеседі.
- **Оқушыларды ғылымға қызықтыру:** Тарихи деректермен жұмыс жасау негізінде оқушылардың зерттеушілік машықтары қалыптасады.
- **Шығармашылық және сыни ойлауды дамыту:** Сыни ойлау, дизайн ойлау, жүйелі ойлау негізінде шығармашылық танымдық қабілеті артады.

- **Халықаралық тәжірибені енгізу:** Әлемдік заманауи педагогикалық тәсілдерді салыстыра отырып, тарих сабағында қолдану арқылы білім берудің сапасын арттыруға болады.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

1. Орта білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары, принциптері мен өмір бойы білім алу тұжырымдамасын түсінеді.
2. Б.Блум таксономиясы негізінде тарих пәні бойынша дамытушы тапсырмаларды әзірлеу тәсілдерін жасай алады.
3. Тарихи деректермен жұмыс жасау негізінде мұғалімдердің зерттеушілік машықтары қалыптасады.
4. Қатысушылар тарих пәні бойынша талдау және зерттеу дағдыларын заманауи педагогикалық тәсілдер мен ақпараттық технологиялар негізінде меңгереді.
5. Тарих пәні бойынша қалыптастырушы және жиынтық бағалауға арналған оқу тапсырмаларын әзірлей алады.
6. Қатысушылар жобаларын әзірлеп, көпшілікке ұсыну және қорғау қабілеттерін дамытады.
7. Тарих пәнін оқытуды арттырудағы сандық тасымалдау мен ІТ ресурстарды пайдалана алады.
8. Тарих пәнін оқытудағы сандық білім беру ресурстары мен виртуалды зертханаларды пайдалану жолдарын меңгереді.
9. Қашықтан оқыту жағдайында оқушылардың зерттеушілік қызметін ұйымдастыру дағдысы қалыптасады.

8. Бағдарлама құрылымы мен тақырыптары

Модуль 1. Заманауи білім беруді дамытудың нормативтік және психологиялық-педагогикалық аспектілері.	1.1 Орта білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен принциптері. Өмір бойы білім алу тұжырымдамасы. Сыни және шығармашылық ойлау. 1.2 Білім беру сапасын арттыру бойынша заманауи халықаралық зерттеулер. Ділдік саулық тұлға дамуының шарты ретінде
Модуль 2. Білім беру сапасын арттыру ахуалында оқыту, дамыту және тәрбиелеу мазмұны мен әдістерін жетілдіру	2.1. Тарихи сананы жаңғырту: жаңа көзқарас, жаңаша тәсілдер 2.2. Оқудың диагностикалық мақсаттарын қою. Б.Блум таксономиясы. Б.Блум таксономиясы негізінде тарих пәні бойынша дамытушы тапсырмаларды әзірлеу тәсілдері 2.3. Тарих бойынша қалыптастырушы және жиынтық бағалауға арналған оқу тапсырмаларын әзірлеу тәсілдері. 2.4. Тарих мемлекеттілікті нығайтудағы

	стратегиялық пән ретінде. 2.5. Тұлға дамуына қажетті IQ EQ SQ зерделерін дамытудың өзектілігі 2.6 Тарих сабағындағы ойлаудың өзектілігі: сыни ойлау, дизайн ойлау, жүйелі ойлау 2.7 Тарихи сана қалыптастыруға әсер етуші факторлар. Ұрпақтар теориясы: Z және Альфа буынының оқу мен тәрбиедегі ерекшеліктерін есепке алу 2.8 Оқу мақсаттарын тиімді жүзеге асырудағы тарихи концептілер 2.9 XXI ғасыр құзыреттіліктері: 4K, Hard skills, Soft-skills 2.10 Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау
Модуль 3. Педагогтердің IT-құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту	3.1. Тарих пәнін оқытуды арттырудағы сандық тасымалдау мен IT ресурстар. 3.2. Google-құжат, Padlet, ClassTime, Google Docs, Quizizz, Plickers көпфункционалдық қосымшаларын тарихи білім беруде қолдану тәжірибесі. 3.3. Тарих пәнін оқытуда сараланған тапсырмалар мен кері байланыс стратегияларын жобалау. 3.4. Қашықтан оқыту жағдайында оқушылардың зерттеушілік қызметін ұйымдастыру
Қорытынды бағалау	4.1. Тестілеу мен демо-сабақ таныстырылымына әзірлік. 4.2. Қатысушылардың дайындаған жобаларын қорғау. 4.3. Курс нәтижелерін талдау және қорытындылау.

9. Оқу процесін ұйымдастыру

Курсты оқу-әдістемелік қамтамасыз ету үшін, оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған оқытудың тиімді әдістері қолданылады. Ол үшін келесі қызмет түрлері іске асырылады: оқыту үрдісінің оқу-әдістемелік әдебиеттермен және оқу ресурстарымен қамтамасыз етілуі; ТӨЖ тапсырмаларын күнделікті әзірлеуді бақылау және оларға кері байланыс жасап отыру; оқу үрдісіне заманауи әдістемелерді, оқыту технологияларын және оқу-әдістемелік және дидактикалық материалдарды енгізуді үйлестіру; тыңдаушылардың өнімдерін презентациялауды ұйымдастыру.

Курсты оқыту барысында дискуссия, эвристикалық әңгіме, метажазпар, интерактивті сұхбат, рефлексия, супервизия, брейнштурминг, тренингтік

тәсілдер, кейс-стади, Блум таксономиясы, іскерлік ойындар және т.б. әдістер қолданылады.

Бағдарламаның тиімділігін арттыру мақсатында, курстың инновациялық толтырылуы қамтамасыз етіледі. Олар: дәріс сабақтарының презентациялары, тәжірибелік сабақтардың тапсырмалары, ТӨЖ тақырыптары, қолданылатын технологиялардың тізімі: дамыта оқыту, сараланған оқыту, СТО, интерактивті әдістер: кейс-стади, Smart мақсат, SWOT-талдау, брейншторминг, инновациялық тәжірибелер: трансформациялық жаттығулар, іскерлік ойындары, эзотерикалық техникалар т.б.

Курстың мақсаттары мен міндеттерін дұрыс анықтау тыңдаушылардың оң нәтижелерге қол жеткізуіне ықпал ететіні анық. Олай болса, курсты аяқтағанда тыңдаушы қол жеткізуі тиіс түпкі мақсаттарына жету үшін, өлшеу және бағалау әдістері қарастырылады; әр тыңдаушының жеке білім траекториясы анықталады; іс-шаралар жоспары жасалады; олар үшін алға қойған мақсатқа жетуге көмектесетін нақты тапсырмалар құрастырылады; оқу тапсырмаларын орындауды бағалаудың тиімді әдістері іріктеледі; курс шеңберіндегі тапсырмалардың заманауи-кәсіби әлеуеті қамтамасыз етіледі. Осы шарттарды жүзеге асыру барысында мақсатты аудиторияның ерекшеліктерін ескеру қажет: тыңдаушылардың қызығушылықтары мен ынта-ықыластарын ұстап тұратындай белсенді оқуды ұйымдастыру; тыңдаушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, әртүрлі оқу стильдері мен дайындық деңгейлеріне бағдарланған жеке қатынас; тыңдаушы өз ой-әсерлерімен бөлісе алатындай және үрдісті жақсарту мақсатында ұсыныстар жасай алатындай, кері байланыс тетіктерін қамтамасыз ету.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

№	Тақырып	Сағат саны	Оқу түрі	Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету
1	Заманауи білім беруді дамытудың нормативтік және психологиялық-педагогикалық аспектілері.	10 сағат	Лекция, семинар	Презентация, тарихи даму мен қазіргі жағдай. Тақырыптық әдебиеттер тізімі, әдістемелік нұсқаулықтар мен оқулықтар.
2	Білім беру сапасын арттыру ахуалында оқыту, дамыту және тәрбиелеу мазмұны мен әдістерін жетілдіру	30 сағат	Практикалық сабақтар, тренингтер	оқытуды жоспарлау бойынша әдістемелік нұсқаулықтар. Жобаларды жоспарлау және құрастыру үшін ұсыныстар, материалдар, кейс-стадиялар.

3	Педагогтердің IT-құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту	30 сағат	Мастер-класс, практикалық сабақтар	Виртуалды зертханаларды пайдалану, көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған әдістемелік материалдар мен жаттығулар.
4	Қорытынды бағалау	10 сағат	Жоба жұмысын қорғау	Қатысушылардың жобаларын қорғау және бағалау критерийлері. Бағалау парақтары мен қадамдық нұсқаулар. Рефлексиялық жұмыстар.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Бұл біліктілікті арттыру бағдарламасы мұғалімдердің тарих пәнін оқыту әдістемесін жетілдіруге бағытталған. Оқушылардың білімін бағалау мониторинг және кері байланыс арқылы жүзеге асырылады. Бағалау процесі сабақтар барысында және соңғы жоба қорғау нәтижелері негізінде жүзеге асырылады. Курсты аяқтау кезінде тыңдаушылардың пәндік білімдері мен дағдылары нақты анықталады. Бағалау жүйесі жобалар, тапсырмалар мен пікірталастарды қамтиды, мұнда тыңдаушылардың курсты меңгеру деңгейі тексеріледі. Қатысушылардың жалпы бағасы олардың жобалардағы нәтижелері мен белсенді қатысуына негізделеді. Әр модуль бойынша жинақталған ұпайлар мен қорытынды аттестация нәтижелері қорытынды бағаны анықтайды.

9. Курстан кейінгі қолдау

Тыңдаушыларды курстан кейінгі қолдау online режимінде, қашықтықтан жүзеге асырылады. Ол үшін WhatsApp желісі және e-mail қызметі қолданылады. Курстан кейінгі қолдаудың міндеттері: жеке бағдарламасы «қанағаттанарлық» немесе «қанағаттанарлықсыз» деп бағаланған тыңдаушыға әдістемелік көмек көрсету; ол үшін курстың озат тыңдаушылары және өнімі төмен бағаланған тыңдаушымен бірге қызмет ететін әріптестері (курстың бұрынғы немесе қазіргі озат тыңдаушылары) 1 ай мерзім ішінде менторлық сүйемелдеуді жүзеге асырады. Курстан кейінгі қолдау форматы, нысандары мен әдістері жағдайға қарай икемделуі мүмкін.

10.Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. <https://adilet.zan.kz/>

2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген). <https://adilet.zan.kz/>

3. «Өмір бойы оқу (үздіксіз білім беру) Тұжырымдамасы» (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 желтоқсандағы №47 қаулысымен бекітілген). <https://adilet.zan.kz/>

4. Мұғалімге арналған нұсқаулық. II-деңгей. «НЗМ» ДББҰ ПШО, Астана, 2015.

5. Құдайбергенова К.С. Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуының теориялық-әдіснамалық негіздері. – Алматы, 2012.

6. Учитель и ученик: возможность диалога и понимания. – Том 1/ Сост. Е.А.Генике, Е.А.Трифопова // Под общ. Ред. Л.И.Семиной. –М.: Изд-во «Бонфи», 2012 г.

7. Борисов А.Ю. Роскошь человеческого общения. – М., RISC., 2018 г.

8 Амантайұлы Б. Ғибрат. -Алматы, 2021. – 228 б.

9 Кеніштайқызы Г. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу – ұрпақ алдындағы міндетіміз. <https://adyrna.kz/post/25620>

10_Меңілбаев Ғ.А. Қазақтың шынайы тарихын жазатын уақыт келді. // Вестник КазНПУ им. Абая. – 2019. -№1-2. – С 129-133.

Интернет -ресурсы:

<https://adilet.zan.kz/>

www.nao.kz

<http://online.zakon.kz/>